

«KazakhExport» ЭСК» АҚ-тағы
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша
аналитикалық анықтама

Нұр-Сұлтан қ.

«24» мамыр 2021 жыл

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 116 тармағын, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің 2021 жылғы 19 наурыздағы № 23-14/01-82//413 тапсырмасының 116 тармағын орындау мақсатында «KazakhExport» ЭСК» АҚ-та (бұдан әрі – Қоғам) «KazakhExport» ЭСК» АҚ-та сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2021 жылғы 6 сәуірдегі Басқарма төрағасының м.а. Р.О. Жақсыбаевтың № 20-Ө бұйрығы (бұдан әрі-Бұйрық) шығарылды.

Бұйрыққа сәйкес, «KazakhExport» ЭСК» АҚ-та (бұдан әрі - Қоғам) келесі құрамда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы құрылды:

1) Жұмыс тобының жетекшісі – Комплаенс қызметінің басшысы К.А. Кабсаматов;

жұмыс тобының мүшелері:

2) Комплаенс қызметінің бас комплаенс-бақылаушысы А.С. Абықаев;

3) Ішкі аудит қызметінің басшысы А.С. Тангишева;

4) Ққұқықтық қамтамасыз ету департаментінің Бас менеджері Б.К.Досалин;

5) Сатып алу департаментінің директоры А.Р. Валеев;

6) Тәуекелдерді басқару департаментінің тәуекел-менеджері А.А. Дайрова
Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды ұйымдастыру және жүргізу үшін Қоғамның Басқарма төрағасының орынбасары А.Е. Бектыбаева жауапты болып белгіленді.

Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының 16 тармағына сәйкес (Қоғам Басқармасының 2018 жылғы 13 маусымдағы шешімімен бекітілген, №414 хаттама) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

1) Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарынан сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Қоғамның ұйымдық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген), Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

агенттігінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға (бұдан әрі-Әдістемелік ұсынымдар), Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына сәйкес жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі 2019-2020 жылдар.

1 параграф.

Қоғамның қызметін және оның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды талдау

Қоғамның қызметін және оның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын нормалар анықталды.

1. Қоғамның Андеррайтинг кеңесі туралы ережесі

Әдістемелік ұсынымдардың 25 тармағы 2 абзацының 7) тармақшасына сәйкес алқалы органдардың қызметін реттейтін құжаттарда мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі талаптардың болмауы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторы болып табылады.

Осыған байланысты Ережеге алқалық органдар мүшелерінің туындаған мүдделер қақтығысы туралы хабардар ету және оны Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеу жөнінде шаралар қабылдау міндетін көздейтін толықтыру енгізу қажет.

2. Қоғамның Қарыздарды ерікті сақтандыру қағидалары

18 тармақ. Сақтанушы мен Сақтандырушы, Сақтандырушы мен Пайда алушы арасындағы келісім бойынша осы Сақтандыру қағидаларының негізінде және Сақтандырушының алқалы органының шешімі бойынша осы Сақтандыру қағидаларының жекелеген ережелерін өзгертуді, алып тастауды көздейтін сақтандыру шарттары, сондай-ақ сақтандыру шартын жасасу кезінде айқындалатын қосымша талаптар жасалуы мүмкін.

Бұл тармақ алқалы органның шешіміне сілтеме жасайды, алайда құжатта «алқалы орган» ұғымы жоқ, тиісінше, аталған өзгерістермен сақтандыру шарттарын жасасу туралы шешімдерді кім қабылдауға құқылы екендігінің түсініктемесі шектелмеген.

Осыған орай, Қағидалардың 18 тармағына сақтандыру шартына аталған өзгерістерді енгізу туралы шешімді қандай алқалы орган қабылдауға уәкілетті екенін нақты түсіндіретін тармақ енгізу қажет. Сондай-ақ, бұл өзгерістер заңнамаға қайшы келмеуі керек екендігін толықтыру орынды санаймыз.

3. Қоғамның Жобалық қаржыландыруды ерікті сақтандыру қағидалары

79 тармақ. Тараптар арасындағы келісім бойынша осы Сақтандыру қағидаларының негізінде және Сақтандырушының алқалы органының шешімі

бойынша сақтандыру қағидаларының жекелеген ережелерін өзгертуді, алып тастауды көздейтін сақтандыру шарттары, сондай-ақ сақтандыру шартын жасасу кезінде айқындалатын қосымша талаптар жасалуы мүмкін.

Бұл тармақ алқалы органның шешіміне сілтеме жасайды, алайда құжатта «алқалы орган» ұғымы жоқ, тиісінше, аталған өзгерістермен сақтандыру шарттарын жасасу туралы шешімдерді кім қабылдауға құқылы екендігінің түсініктемесі шектелмеген.

Осыған орай, Қағидалардың 79 тармағына сақтандыру шартына аталған өзгерістерді енгізу туралы шешімді қандай алқалы орган қабылдауға уәкілетті екенін нақты түсіндіретін тармақ енгізу қажет. Сондай-ақ, бұл өзгерістер заңнамаға қайшы келмеуі керек екендігін толықтыру орынды санаймыз.

4. Қоғамның Қаржы лизингін ерікті сақтандыру қағидалары

16 тармақ. Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша осы Сақтандыру қағидаларының негізінде және Сақтандырушының алқалы органының шешімі бойынша сақтандыру қағидаларының жекелеген ережелерін өзгертуді, алып тастауды көздейтін сақтандыру шарттары, сондай-ақ сақтандыру шартын жасасу кезінде айқындалатын қосымша талаптар жасалуы мүмкін.

Бұл тармақ алқалы органның шешіміне сілтеме жасайды, алайда құжатта «алқалы орган» ұғымы жоқ, тиісінше, аталған өзгерістермен сақтандыру шарттарын жасасу туралы шешімдерді кім қабылдауға құқылы екендігінің түсініктемесі шектелмеген.

Осыған орай, Қағидалардың 16 тармағына сақтандыру шартына аталған өзгерістерді енгізу туралы шешімді қандай алқалы орган қабылдауға уәкілетті екенін нақты түсіндіретін тармақ енгізу қажет. Сондай-ақ, бұл өзгерістер заңнамаға қайшы келмеуі керек екендігін толықтыру орынды санаймыз.

5. Қоғамның Жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге байланысты экспорттаушының залалдарын сақтандыру жөніндегі қағидалары

18 тармақ. Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша осы Сақтандыру қағидаларының негізінде және Сақтандырушының алқалы органының шешімі бойынша сақтандыру қағидаларының жекелеген ережелерін өзгертуді, алып тастауды көздейтін сақтандыру шарттары, сондай-ақ сақтандыру шартын жасасу кезінде айқындалатын қосымша талаптар жасалуы мүмкін.

Бұл тармақ алқалы органның шешіміне сілтеме жасайды, алайда құжатта «алқалы орган» ұғымы жоқ, тиісінше, аталған өзгерістермен сақтандыру шарттарын жасасу туралы шешімдерді кім қабылдауға құқылы екендігінің түсініктемесі шектелмеген.

Осыған орай, Қағидалардың 18 тармағына сақтандыру шартына аталған өзгерістерді енгізу туралы шешімді қандай алқалы орган қабылдауға уәкілетті екенін нақты түсіндіретін тармақ енгізу қажет. Сондай-ақ, бұл өзгерістер заңнамаға қайшы келмеуі керек екендігін толықтыру орынды санаймыз.

6. Қоғамының Экспорттық аккредитивтерді сақтандыру қағидалары

25 тармақ. Сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы келісім бойынша осы Қағидалардың негізінде және Сақтандырушының алқалы органының шешімі бойынша Қағидалардың жекелеген ережелерін өзгертуді, алып тастауды көздейтін сақтандыру шарттары, сондай-ақ сақтандыру шартын жасасу кезінде айқындалатын қосымша талаптар жасалуы мүмкін.

Бұл тармақ алқалы органның шешіміне сілтеме жасайды, алайда құжатта «алқалы орган» ұғымы жоқ, тиісінше, аталған өзгерістермен сақтандыру шарттарын жасасу туралы шешімдерді кім қабылдауға құқылы екендігінің түсініктемесі шектелмеген.

Осыған орай, Қағидалардың 25 тармағына сақтандыру шартына аталған өзгерістерді енгізу туралы шешімді қандай алқалы орган қабылдауға уәкілетті екенін нақты түсіндіретін тармақ енгізу қажет. Сондай-ақ, бұл өзгерістер заңнамаға қайшы келмеуі керек екендігін толықтыру орынды санаймыз.

7. Қоғамның Шетелдік банктер берген банктік кепілдіктерді сақтандыру қағидалары

1) 26 тармақ. Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша осы Сақтандыру қағидаларының негізінде және Сақтандырушының алқалы органының шешімі бойынша сақтандыру қағидаларының жекелеген ережелерін өзгертуді, алып тастауды көздейтін сақтандыру шарттары, сондай-ақ сақтандыру шартын жасасу кезінде айқындалатын қосымша талаптар жасалуы мүмкін.

Бұл тармақ алқалы органның шешіміне сілтеме жасайды, алайда құжатта «алқалы орган» ұғымы жоқ, тиісінше, аталған өзгерістермен сақтандыру шарттарын жасасу туралы шешімдерді кім қабылдауға құқылы екендігінің түсініктемесі шектелмеген.

Осыған орай, Қағидалардың 26 тармағына сақтандыру шартына аталған өзгерістерді енгізу туралы шешімді қандай алқалы орган қабылдауға уәкілетті екенін нақты түсіндіретін тармақ енгізу қажет. Сондай-ақ, бұл өзгерістер заңнамаға қайшы келмеуі керек екендігін толықтыру орынды санаймыз.

2) 40 тармақ. Егер сақтандыру жағдайы белгілі бір сақтандыру жарнасын төлегенге дейін орын алған болса, сақтанушы сақтандыру сыйлықақысының толық сомасын төлегеннен кейін ғана сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырады. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының төленбеген бөлігінің сомасын есепке жатқыза отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға құқылы.

38 тармаққа сәйкес «Сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шартында көрсетілген мерзімге дейін толық көлемде төленбеген жағдайда, Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылуы сақтандырушымен кезекті сақтандыру жарнасын төлеу мерзімінен кейінгі күннен бастап бір жақты тәртіппен тоқтата тұрады. Бұл ретте Сақтандырушы сақтандыру қорғанысының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде орын алған сақтандыру жағдайлары бойынша жауапкершілік көтермейді».

Әдістемелік ұсынымдардың 23 тармағының 5 тармақшасына сәйкес органның (лауазымды тұлғаның) бірдей негіздермен шешімдердің бірнеше түрін қабылдау мүмкіндігі сыбайлас жемқорлық сипатындағы норма болып табылады.

Осыған байланысты, Қағидалардың 40 тармағына органның (лауазымды тұлғаның) бірдей негіздермен шешімдердің бірнеше түрін қабылдау мүмкіндігін болдырмайтын өзгеріс енгізу қажет.

8. Қоғамның Аванстық төлемдерді қайтару бойынша экспорттаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидалары

25 тармақ. Сақтанушы мен Сақтандырушы, Сақтандырушы мен Пайда алушы арасындағы келісім бойынша осы Сақтандыру қағидаларының негізінде және Сақтандырушының алқалы органының шешімі бойынша Сақтандыру қағидаларының жекелеген ережелерін өзгертуді, алып тастауды көздейтін сақтандыру шарттары, сондай-ақ сақтандыру шартын жасасу кезінде айқындалатын қосымша талаптар жасалуы мүмкін.

Бұл тармақ алқалы органның шешіміне сілтеме жасайды, алайда құжатта «алқалы орган» ұғымы жоқ, тиісінше, аталған өзгерістермен сақтандыру шарттарын жасасу туралы шешімдерді кім қабылдауға құқылы екендігінің түсініктемесі шектелмеген.

Осыған орай, Қағидалардың 25 тармағына сақтандыру шартына аталған өзгерістерді енгізу туралы шешімді қандай алқалы орган қабылдауға уәкілетті екенін нақты түсіндіретін тармақ енгізу қажет. Сондай-ақ, бұл өзгерістер заңнамаға қайшы келмеуі керек екендігін толықтыру орынды санаймыз.

9. Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже

Әдістемелік ұсынымдардың 25 тармағы 2 абзацының 7) тармақшасына сәйкес алқалы органдардың қызметін реттейтін құжаттарда мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі талаптардың болмауы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторы болып табылады.

Осыған байланысты Ережеге алқалық органдар мүшелерінің туындаған мүдделер қақтығысы туралы хабардар ету және оны Қоғамның Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясатына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеу жөнінде шаралар қабылдау міндетін көздейтін толықтыру енгізу қажет.

10. Қоғамның Активтері мен пассивтерін басқару жөніндегі кеңес туралы ереже

Әдістемелік ұсынымдардың 25 тармағы 2 абзацының 7) тармақшасына сәйкес алқалы органдардың қызметін реттейтін құжаттарда мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі талаптардың болмауы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторы болып табылады.

Осыған байланысты Ережеге алқалық органдар мүшелерінің туындаған мүдделер қақтығысы туралы хабардар ету және оны Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеу жөнінде шаралар қабылдау міндетін көздейтін толықтыру енгізу қажет.

11. Қоғамның Іскерлік этика кодексі

40 тармақтың 8 тармақшасы. Орындау үшін алынған тапсырманың заңдылығына күмәнданған кезде қызметкер бұл туралы өзінің тікелей басшысына және тапсырма берген басшыға жазбаша нысанда дереу хабарлауға тиіс. Лауазымы бойынша жоғары тұрған басшы осы жарлықты жазбаша растаған жағдайда, егер оны орындау қылмыстық жазалануға тиіс әрекеттерге әкеп соқпайтын болса, қызметкер оны орындауға міндетті. Қызметкердің заңсыз тапсырманы орындауының салдары үшін осы тапсырманы растаған басшы жауапкершілік көтереді.

Әдістемелік ұсынымдардың 25 тармағына сәйкес мазмұнынан осы өкілеттіктің шектерін анықтау мүмкін болмайтын лауазымды тұлғаның және/немесе талдау объектісінің өкілеттігі кең дискрециялық өкілеттіктердің болуының индикаторы болып табылады

Осыған байланысты, Іскерлік этика кодексiне лауазымды тұлғаның заңсыз тапсырманың орындалуын растау мүмкіндігін болдырмайтын, сондай-ақ қызметкердің тікелей басшысының және заңсыз тапсырма берген басшының жазбаша өкімі негізінде заңсыз тапсырманы орындау міндетін өзгерту қажет.

12. Корпоративтік қақтығыстар мен Қоғам мүдделерінің қақтығысын реттеу саясаты

Мүдделер қақтығысын реттеу бағыты бойынша Әдістемелік ұсынымдардың 25 тармағының 4) тармақшасына сәйкес, бір жағынан әкімшілік регламенттер, лауазымдық нұсқаулықтар және екінші жағынан жоспарланған көрсеткіштер арасындағы қайшылықтар сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторларының бірі болып табылады.

Осыған байланысты Корпоративтік қақтығыстар мен Қоғам мүдделерінің қақтығысын реттеу жөніндегі саясаттың қолданыстағы редакциясы қазіргі уақытта қайта қаралуы тиіс.

Атап айтқанда, ол Қоғамның ұйымдық-штаттық құрылымында болған өзгерістерді және Комплаенс қызметін қалыптастыруды, Басқарма хатшысын ескермейді.

Бұдан басқа, аталған Саясаттың мәтінінде мүдделер қақтығысын мониторингтеу және реттеу жөніндегі функциялар Корпоративтік хатшыға жүктелгені көзделген, ол тиісті өтініштерді (өтінімдерді) есепке алуы және тіркеуі тиіс.

Сонымен қатар, Қоғамның Корпоративтік хатшысы туралы ереже мұндай міндетті көздемейді.

Бұдан басқа, жоғарыда көрсетілген Саясаттың мәтінінде Директорлар кеңесіне есеп беретін Комплаенс қызметіне мүдделер қақтығысы белгілері бар, туындайтын жағдай туралы хабардар ету қажеттілігі туралы нұсқау жоқ, сондай-ақ мүдделер қақтығысын реттеу процесіне комплаенс-тәуекелдерді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету мақсатында тартылуға тиіс.

Оның орнына, қызметкер немесе лауазымды тұлға атқарушы органға және Қоғам Басқармасының жетекшілік ететін мүшесіне есеп беретін құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі құрылымдық бөлімшені хабардар етеді, бұл талдау объектісінің қызметкерлері өздерінің лауазымдық функцияларын орындау

кезінде, атап айтқанда қоғамды құқықтық қамтамасыз ету департаментінің қызметкерлері арасында ықтимал мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соғады.

Бұдан басқа, Корпоративтік хатшы ол туралы Ережеге сәйкес Қоғам Басқармасының шақырылуын және отырысын ұйымдастырмайды.

Бұл міндеттер Қоғам Басқармасының хатшысына жүктелген.

Осылайша, Корпоративтік хатшы Қоғамда корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын есепке алу, бақылау және реттеу үшін жауапты қызметкер ретінде жеке өзі әрекет ете алмайды.

Бұл Әдістемелік ұсынымдардың 25 тармағының б) тармақшасына қайшы келеді.

Демек, Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясаттың жаңа редакциясын дайындау және бекіту қажеттілігі туындайды.

2 параграф.

Қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

1. Персоналды басқару

2019 жылғы 1 қаңтардағы мәліметтер бойынша Қоғамның штат саны 65 адамды және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы мәліметтер бойынша 81 адамды құрады.

2019 жылы кадрлардың ауысуы Қоғамның штат санының 19,7% - ын құрады.

2020 жылғы 1 қаңтардағы мәліметтер бойынша Қоғамның штат саны 81 адамды және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы мәліметтер бойынша 98 адамды құрады.

2020 жылы кадрлардың ауысуы Қоғамның штат санының 10,8% - ын құрады.

Қоғамдағы лауазымдарға тағайындау және іріктеу тәртібі Қоғамдағы бос лауазымдарға Үміткерлерді іріктеу қағидаларымен реттеледі (Қоғам Басқармасының 2021 жылғы 26 наурыздағы шешімімен бекітілген, № 21 хаттама).

Үміткерлерді іздеу келесі кезеңдерді қамтиды:

1) Холдингтің Бірыңғай кадр резервіне және Президенттік кадр резервіне (бұдан әрі - кадр резервтері) алынған, олардың кандидатураларын қарауға басым құқығы бар қатысушылар арасынан ішкі іздестіру;

2) кадр резервіне енгізілген қызметкерлер арасынан үміткерлер болмаған жағдайда, ішкі порталда, электрондық құжат айналымы жүйесінде немесе ішкі коммуникацияның өзге де арналарында бос жұмыс орны туралы хабарландыру

арқылы аутсорсинг секторының қызметкерлерін қоса алғанда, Қоғам қызметкерлері арасында ішкі іздеу жүргізіледі;

3) ішкі үміткерлер болмаған жағдайда, сыртқы үміткерлерді іздеу келесідей жүзеге асырылады:

- үміткерді іздеу туралы хабарландыруды Қоғамның корпоративтік веб-сайтында және әлеуметтік/кәсіби желілерінде жариялау;

- рекрутингтік агенттіктерге және/немесе жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі тиісті уәкілетті органға өтініштер.

Үміткерлерге бағалау жүргізу үшін келесі әдістер қолданылады:

1) функционалдық міндеттер шеңберінде кәсіби білімді тестілеу (кәсіби саладағы заңнаманы және білімді білу);

2) (міндетті емес) үміткерлердің іскерлік дағдыларын бағалау (сан ақпаратын талдау, вербалды ақпаратты талдау, жеке-іскерлік құзыреттер);

3) Қоғам өкілдерімен (Адами ресурстарды басқару департаментінің (бұдан әрі – АРБД) қызметкерімен, бос орын құрылған құрылымдық бөлімшенің басшысымен және/немесе жетекшілік ететін басшы қызметкермен, сондай-ақ қажет болған жағдайда қызметкерлердің өзге де өкілдерімен) сұхбат.

Кәсіби білімді бағалау нәтижелері 0% -100% аралығындағы шкала бойынша цифрлық мәнге ие, мұндағы 0-64% деңгей қабылданбайды, 65-74% - орташа, 75-84% - жоғары, 85-100% - өте жоғары болып табылады.

Кәсіби білімді бағалау нәтижелері бойынша 65% - дан астам және іскерлік білімді бағалау нәтижелері бойынша 50% - дан астам нәтиже көрсеткен үміткерлер Қоғам өкілдерімен сұхбатқа қатысуға шақырылады.

Жұмысқа қабылдау туралы оң шешім қабылданған жағдайда, бос лауазымға үміткерді қабылдауды одан әрі ресімдеу Қоғамның Еңбек тәртібінің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады (Қоғам Басқармасының 2019 жылғы 28 маусымдағы шешімімен бекітілген, № 23 хаттама).

АРБД тестілеуге және (немесе) сұхбатқа қатысқан барлық үміткерлерді іріктеу нәтижелері туралы түйіндемеде көрсетілген байланыс телефондары немесе (электрондық) мекенжайлары бойынша хабардар етеді, сондай-ақ біліктілік талаптарына сәйкес келетін келіп түскен түйіндемелердің жалпы санын, тестілеуден сәтті өткен және іріктелген үміткерлердің аты-жөнін көрсете отырып, корпоративтік сайтқа іріктеу қорытындыларын орналастырады.

Үміткерлерді жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдайтын тұлғалардың мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шараларды қамтамасыз ету Корпоративтік қақтығыстарды және Қоғам мүдделері қақтығысын реттеу саясатымен реттеледі (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 5 наурыздағы шешімімен бекітілген, № 89 хаттама).

Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру тәртібі Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру қағидаларымен (Қоғам Басқармасының 2018 жылғы 3 мамырдағы шешімімен бекітілген, № 408 хаттама); Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне, Корпоративтік хатшыға, Комплаенс бақылаушыға еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру, қызметінің тиімділігін бағалау қағидаларымен

(Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 24 сәуірдегі шешімімен бекітілген, № 3 хаттама); Қоғамның басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы беру қағидаларымен (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 24 сәуірдегі шешімімен бекітілген, № 3 хаттама) регламенттелген.

Қоғам қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі еңбекке ақы төлеудің тұрақты бөлігінен (лауазымдық айлықақыдан) және еңбекке ақы төлеудің ауыспалы бөлігінен (сыйлықақыдан) тұрады.

Қызметкердің лауазымдық жалақысының көлемі штат кестесіне және қызметкер атқаратын лауазымға сәйкес келетін грейд бойынша лауазымдық жалақылар схемасына сәйкес белгіленеді.

төменгі аймақ (min) - сынақ мерзімі белгіленген Қоғамға жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерлерге, сондай-ақ есепті кезеңнің қорытындылары бойынша қызмет тиімділігін бағалауға сәйкес қызмет тиімділігінің деңгейі төмен жұмыскерлер үшін белгіленуі мүмкін;

орташа аймақ (med1, med2, med3) - сынақ мерзімі белгіленбеген Қоғамға жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерлерге немесе сынақ мерзімінен табысты өткен Қоғам қызметкерлеріне, сондай-ақ есепті кезеңнің қорытындылары бойынша қызмет тиімділігін бағалауға сәйкес қызмет тиімділігінің орташа деңгейі бар қызметкерлер үшін белгіленуі мүмкін;

жоғарғы аймақ (max) - біліктілік деңгейі лауазымға қойылатын біліктілік талаптарынан едәуір асатын Қоғам қызметкерлеріне, сондай-ақ есепті кезеңнің қорытындылары бойынша қызмет тиімділігін бағалауға сәйкес қызмет тиімділігінің жоғары деңгейі бар қызметкерлерге белгіленуі мүмкін.

Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары грейдтер құрылымы негізінде айқындалады және лауазымдық жалақылардың схемасына және Қоғам Басқармасы бекітетін штат кестесіне сәйкес белгіленеді.

Қызметтің түйінді көрсеткіштерін орындау бойынша Қоғам қызметкерлеріне сыйлықақы беру көлемі Қоғам қызметкерлері қызметінің тиімділігін бағалау қағидаларына сәйкес есепті кезеңнің қорытындылары бойынша айқындалады (Қоғам Басқармасының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы шешімімен бекітілген, № 83 хаттама) және сыйақы төленетін қызметкердің 1,5 айлық жалақысынан аспауы керек.

Қызметкерге уәждемені арттыру мақсатында қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік мерекеге сыйлықақы; шығындарды үнемдеуге, кірістілікті арттыруға, сондай-ақ инновациялық шешімдер мен рационализаторлық ұсыныстар енгізуге бағытталған іс-шараларды әзірлегені және енгізгені үшін сыйлықақы төленуі мүмкін.

Есепті кезеңнің қорытындылары бойынша қызметті бағалау нәтижелері бойынша сыйлықақы төленбейді:

- құрылымдық бөлімше қызметінің негізгі көрсеткіштерінің қорытынды нәтижелілігі 75 пайыздан кем болған жағдайда;

- қызметкер қызметінің жеке түйінді көрсеткіштерінің қорытынды нәтижелілігі 75 пайыздан кем болған жағдайда;

- тәртіптік жазаның қолданылу кезеңі мен мерзімі кезінде;
- сынақ мерзімі кезінде және кезеңінде;
- Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52 бабы 1 тармағының 4), 7)-13), 15-18), 21), 22), 25) тармақшаларында, сондай-ақ 57 бабы 1 тармағының 2) тармақшасында көзделген негіздер бойынша еңбек шарты бұзылған (тоқтатылған) жағдайда.

2019 жылы шығындарды үнемдеуге, кірістілікті арттыруға, сондай-ақ инновациялық шешімдер мен рационализаторлық ұсыныстар енгізуге бағытталған іс-шараларды әзірлегені және енгізгені үшін Қоғамның Басқарма төрағасының бұйрығымен 18 қызметкерге, 2020 жылы Қоғамның 7 қызметкеріне сыйақы берілді.

Еңбек, атқарушылық тәртіпті бұзғаны, еңбек міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін қызметкерге тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін.

Тәртіптік жазаларды қолдану тәртібі Қоғамның Ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен регламенттелген (Қоғам Басқармасының 2019 жылғы 28 маусымдағы шешімімен бекітілген, № 23 хаттама).

2019 жылы Қоғамның 6 қызметкеріне қатысты тәртіптік жаза қолданылды, оның ішінде: қатаң сөгіс – 1, сөгіс – 4, ескерту – 1.

2020 жылы Қоғамның екі қызметкеріне ескерту түрінде тәртіптік жаза қолданылды.

Бұдан бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдау фактілері, сондай-ақ 2019-2020 жылдары Қоғамға жұмысқа қабылдау кезінде мүдделер қақтығысы фактілері тіркелген жоқ.

Жақын туыстары, жұбайлары, жекжаттары атқаратын лауазымға тікелей бағынысты лауазымға орналасу фактілері жоқ.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу

Қоғамдағы мүдделер қақтығысын реттеу «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына, Корпоративтік қақтығыстар және қоғам мүдделерінің қақтығысын реттеу жөніндегі саясатқа (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 5 наурыздағы шешімімен бекітілген, № 89 хаттама) сәйкес Қоғамдағы алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі қағидаларға (Қоғам Басқармасының 2020 жылғы 31 наурыздағы шешімімен бекітілген, № 16 хаттама) сәйкес жүзеге асырылады.

Мүдделер қақтығысын бақылау және реттеу функцияларын Корпоративтік хатшы, Құқықтық қамтамасыз ету департаменті және Қоғамның Комплаенс-қызметі жүзеге асырады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 67 бабының және «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-1 бабының талаптарына сәйкес Қоғам қоғамның үлестес тұлғаларының

тізілімін және қоғаммен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың тізілімін жүргізеді.

Қоғамның үлестес тұлғаларының тізілімі және Қоғаммен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың тізілімі «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ атынан Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында тоқсан сайынғы негізде орналастырылады.

Мүдделер қақтығысын реттеу мақсатында Қоғам келесі шараларды қабылдайды:

1) лауазымды тұлғаны лауазымдық міндеттерін орындаудан шеттету және мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша лауазымдық міндеттерін орындауды басқа адамға тапсыру;

2) лауазымдық міндеттерді өзгерту;

3) мүдделер қақтығысын жою бойынша өзге де шаралар қабылдау.

Қоғамның Корпоративтік хатшысы Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне қатысты мүдделер қақтығысын реттеу бойынша мониторинг пен шаралар қабылдайды.

2019-2020 жылдар кезеңінде Қоғамның Директорлар кеңесі жасасуына Қоғамның мүдделілігі болған 16 мәміле жасасу туралы шешім қабылдады.

Қоғам жоғарыда көрсетілген мәмілелер бойынша «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 73 бабының 1 тармағына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-1 бабының 1 тармағына сәйкес мүдделер қақтығысының туындауының алдын алу жөнінде шаралар қабылдады.

Құқықтық қамтамасыз ету департаменті Қоғам Басқармасы мен қызметкерлеріне қатысты мүдделер қақтығысын реттеу бойынша мониторинг пен шаралар қабылдады.

2019-2020 жылдар кезеңінде Қоғамның Құқықтық қамтамасыз ету департаменті Басқарма мүшелері мен қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысының туындау фактілерін тіркеген жоқ.

Қоғамның Комплаенс қызметі Қоғамның контрагенттеріне, Қоғам контрагенттерінің лауазымды тұлғаларына және қоғам контрагенттерінің бенефициарлық меншік иелеріне қатысты мүдделер қақтығысын реттеу бойынша мониторингті және шаралар қабылдайды.

Қоғамның жасасу мүдделілігі бар мәмілелер бойынша Қоғамның Комплаенс қызметі мүдделер қақтығысының болуын немесе болмауын және оны «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес реттеу жөніндегі қажетті шараларды көрсете отырып, комплаенс қорытынды дайындайды.

Бір жағынан ішкі нормативтік құжаттар, Қоғамның лауазымдық нұсқаулықтары және екінші жағынан жоспарланған көрсеткіштер арасындағы қайшылықтар анықталған жоқ.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты ұйымдастыру

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты Қоғамның Комплаенс қызметі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (Қоғам Басқармасының 2018 жылғы 13 маусымдағы шешімімен бекітілген, № 414 хаттама), Қоғамдағы алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі қағидалар (Қоғам Басқармасының 2020 жылғы 31 наурыздағы шешімімен бекітілген, № 16 хаттама) негізінде жүзеге асырады.

Комплаенс қызметі туралы бекітілген ережеде және оның қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті іске асыру бойынша міндеттер бекітілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар Қоғамның Комплаенс қызметінің тиісті жылға арналған жұмыс жоспары (Комплаенс бағдарлама) негізінде жүзеге асырылады, онда мынадай іс-шаралар қамтылады:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сауалнама жүргізу, түсіндіру жұмыстарын жүргізу, оқыту іс-шараларын өткізу және сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша білімдерін тексеру;
- лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерді Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарымен таныстыру;
- ішкі нормативтік құжаттарға (жобаларға) сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу;
- Қоғамның лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қадағалауына мониторинг жүргізу;
- Қоғамның лауазымды тұлғалары мен олардың жұбайларының қаржылық бақылау шараларын қадағалауын бақылау;
- Қоғам контрагенттерін үлестестік және сенімділік тұрғысынан тексеру;
- Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша атқарылған жұмыс туралы есеп беру.

Қоғамда «Сенім» жедел желі арналары - телефон желісі мен электрондық пошта жұмыс істейді.

Көрсетілген арналар бойынша кез келген ниет білдіруші Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан заңсыз әрекеттер, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық фактілері туралы ақпаратты хабарлауға мүмкіндігі бар.

«Сенім» жедел желісінің арналары туралы ақпарат Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында «Комплаенс қызметі және сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл» бөлімінде орналастырылған.

2019-2020 жылдар кезеңінде «Сенім» жедел желі арналары бойынша, Қоғам Кеңсесіне және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-қа жеке және заңды тұлғалардан Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық сипатындағы заңсыз әрекеттер туралы хабарламалар, шағымдар және жазбаша өтініштер түскен жоқ, бұқаралық ақпарат құралдарында анықталған жоқ.

Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін 2019-2020 жылдары сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тарту фактілері анықталған жоқ.

4. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу

Жылдық бюджетті қалыптастыру, қайта қарау (түзету), оның атқарылуын мониторингтеу және қоғам Қаражатының жұмсалуды бюджеттік бақылау тәртібі Қоғамның Даму жоспары негізінде Қоғамды Бюджеттеу регламентіне (Қоғам Басқармасының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы шешімімен бекітілген, № 83 хаттама) сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғам Басқармасы Қоғамның жылдық бюджетін бекітеді, сондай-ақ қаражаттың жұмсалуды бюджеттік бақылауды жүзеге асырады.

Дербес жауапкершілік, сондай-ақ Қоғам Басқармасы мүшелерінің мүдделер қақтығысын реттеу рәсімдері Қоғам Басқармасы туралы ережемен (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 8 қыркүйектегі шешімімен бекітілген, № 8 хаттама) және Корпоративтік қақтығыстар мен қоғам мүдделері қақтығысын реттеу саясатымен (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 5 наурыздағы шешімімен бекітілген, № 89 хаттама) реттеледі.

Қоғамдағы Тәуекелдерді басқару жүйесі Қоғамның Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес жұмыс істейді (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 28 мамырдағы шешімімен бекітілген, № 4 хаттама) және тәуекелдерді басқару құрылымынан, тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі компоненттерінен, тәуекелдерді басқару процесін жүзеге асыру кезінде жүйелі және дәйекті тәсілді қамтамасыз етуден тұрады.

Қоғамның тәуекелдерді басқару процесінің негізгі элементі оны ұйымның ерекшелігімен, қызметтің негізгі принциптерімен, бизнес-процестермен біріктіру және әр қызметкерді тәуекелдерді басқару процесіне тарту болып табылады.

Тәуекелдерді басқару процесі келесі кезеңдерді қамтиды:

- 1) тәуекелдерді анықтау;
- 2) тәуекелді және тәуекел құраушы факторларды бағалау (жүйелі және тұрақты қадағалау, залалдың барлық ықтимал себептерін талдау, олардың ықтималдығы мен мөлшерін сапалы бағалау);
- 3) тәуекелдерді жіктеу (тәуекелдердің ерекшелігін және олардың туындауына әкелетін, олардың дамуына әсер ететін факторларды зерттеу, тарихи деректерді сараптамалық бағалау, тәуекелдер картасы);

4) өткізу кезеңділігі тәуекелдің маңыздылығына байланысты Директорлар кеңесінің қарауы бойынша белгіленетін, алайда жылына кемінде екі рет тәуекелдерді өлшеу (бағалау);

5) тұрақты стресс-тестинг пен тәуекелдерді талдау;

6) тәуекелдерді басқару әдісін таңдау және қолдану;

7) тәуекелдерді басқару жүйесін түзету.

Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы қоғамның мынадай органдары мен бөлімшелерін: директорлар кеңесін, басқарманы, алқалы кеңесші органдарды, тәуекелдерді басқару үшін жауапты құрылымдық бөлімшені, ішкі аудит қызметін, өзге де құрылымдық бөлімшелерді тарта отырып, тәуекелдерді бірнеше деңгейде басқару болып табылады.

Бірінші деңгейді Қоғамның Директорлар кеңесі ұсынады. Директорлар кеңесі Қоғамның қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ тәуекелдерді басқару саласындағы саясатты, толеранттылық деңгейін және тәуекел дәрежесін айқындайды. Директорлар кеңесі негізгі тәуекелдерді, осы негізгі тәуекелдерді басқаруды бағалауды және тәуекелдерді басқару бойынша жоспарланған іс-шараларды тұрақты негізде қарайды.

Екінші деңгей - тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру және корпоративтік саясаттың орындалуын және қадағалануын қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бақылау құрылымын жасауға жауапты Қоғам Басқармасы.

Тәуекелдерді басқару процесіндегі үшінші деңгей тәуекелдерді басқару үшін жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Қоғамдағы ішкі аудит Қоғамдағы ішкі аудитті ұйымдастыру қағидаларына (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 30 қыркүйектегі шешімімен бекітілген, № 8 хаттама) сәйкес Қоғамның Ішкі аудит қызметі жүзеге асырады.

Ішкі аудит қызметі жыл сайын алдағы жылға арналған тәуекелге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспардың жобасын әзірлейді, онда ішкі аудитке жататын бизнес-процестер, рәсімдер немесе қызмет түрлері немесе функциялар (Қоғам бөлімшелері) көрсетіледі. Сонымен қатар, жеке бизнес-процестердің (қызмет түрлерінің) ішкі аудиті Қоғамның жеке бөлімшесінің ішкі аудитіне қарағанда маңыздырақ болып табылады, себебі ол қоғамның әртүрлі бөлімшелері мен лауазымды тұлғаларының буындарындағы қызметті қамтиды, өйткені олар қызметтердің ішкі тұтынушылары болып табылады.

Ішкі аудит қызметі жыл сайынғы негізде операциялық тәуекелді, ілеспе тәуекелдерді басқаруға бағалау жүргізеді және Қоғамның Директорлар кеңесіне операциялық тәуекелді, ілеспе тәуекелдерді басқаруға, оның ішінде Қоғамның қызметін автоматтандыруға және құжаттандыруға, құжаттаманы басқаруға және құжаттарды сақтауға қойылатын талаптардың орындалуы туралы есеп береді.

Қоғамның Ішкі бақылау жүйесі қоғамның Ішкі бақылау жүйесі туралы саясатына сәйкес жұмыс істейді (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 қарашадағы шешімімен бекітілген, № 10 хаттама) және тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және басқарудың барлық деңгейлерін, қоғамның барлық ішкі процестері мен операцияларын қамтиды.

Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру Қоғамның тәуекелдерге жылдам әсер ету, қоғамның негізгі және қосалқы бизнес-процестері мен күнделікті операцияларына бақылау жүргізу, сондай-ақ жақсарту үшін кез келген елеулі кемшіліктер мен салалар туралы тиісті деңгейдегі ішкі бақылау жүйесінің қатысушыларын дереу хабардар етуге қабілетті басқару жүйесін құруды көздейді.

Директорлар кеңесі тәуекелге бағдарланған тәсілдемені қолдана отырып, Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін ұйымдастыру, мониторингтеу және бағалау үшін жауапты болып табылады.

Ішкі бақылауды қорғаудың бірінші желісін Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің өздері қамтамасыз етеді. Бақылауды құрылымдық бөлімшелер әзірлейді және бизнес-процестердің ажырамас бөлігі болып табылады. Ішкі бақылауды ұйымдастыру, бақылау, мониторингілеуді Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары жүзеге асырады.

Қорғаудың екінші желісін ішкі бақылау жүйесінің келесі қатысушылары қамтамасыз етеді:

- 1) Қоғамның Тәуекелдерді басқару департаменті;
- 2) Қоғамның Құқықтық қамтамасыз ету департаменті;
- 3) Қоғамның Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі менеджері;
- 4) Қоғамның Комплаенс-қызметі.

5) Қоғамның өзге құрылымдық бөлімшелері және тиісті бизнес – процестер шеңберінде өзінің лауазымдық міндеттеріне сәйкес бақылау функцияларын жүзеге асыратын жұмыскерлер.

Үшінші қорғаныс желісі - бұл Қоғамның Ішкі аудит қызметінің аудиторлық жоспар шеңберіндегі ішкі бақылау ортасының тиімділігін тәуелсіз растау функциясы, ол бірінші және екінші қорғаныс жолдарын қамтиды, жалпы алғанда қоғамдағы ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалайды.

Қоғам жыл сайын қаржылық есептіліктің тәуелсіз аудитін жүргізеді, оған пайда немесе шығын және басқа да жиынтық кіріс, меншікті капиталдағы өзгерістер және өткен жылғы ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы ақпарат, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелерінен және басқа да түсіндірме ақпараттан тұратын ескертулер кіреді.

Қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде Қоғамның қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелерін және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес көрсетілген күні аяқталған жыл ішіндегі ақшалай қаражаттың қозғалысын анық көрсетеді.

Қаржылық есептіліктің тәуелсіз аудитінің нәтижелері қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында <https://kazakhexport.kz> «Қаржылық есептілік» бөлімінде орналастырылады.

Қоғам сатып алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің саны мен көлемінің олардың нақты қажеттілігіне (заттай нормаларға) сәйкестігі ішкі нормативтік құжатпен – Қоғамның нормативтерінің және өзге де лимиттерінің жекелеген түрлерімен (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі шешімімен бекітілген, № 3 хаттама) регламенттеледі, олар өз кезегінде

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 1266 «Акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұлттық басқарушы холдингтердің (ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда), ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтердің (ұлттық әл-ауқат қоры тобының құрамына кіретін ұлттық компанияларды қоспағанда), ұлттық холдингтердің құрамына кіретін ұлттық компаниялардың әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлерінің лимиттерін және оларға мониторинг жүргізу механизмін анықтау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулысына сәйкес әзірленді.

Қоғамның тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуы Ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына, сондай-ақ қоғамда тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа (Қоғам Басқармасының 2020 жылғы 28 шілдедегі шешімімен бекітілген, № 46 хаттама) сәйкес жүзеге асырылады.

Сатып алу жоспары сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар бекітілген, енгізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сатып алу веб-порталында және Қоғамның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

Сатып алуды ұйымдастырушы біліктілік талаптарының, техникалық ерекшеліктің (техникалық тапсырманың) жобаларын әлеуетті өнім берушілерге Қағидаларда көзделмеген талаптарды белгілеуге жол бермеу тұрғысынан, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушілерге тиесілігін айқындайтын сипаттамаларды белгілеу бөлігінде қарайды. Біліктілік талаптарының, техникалық ерекшеліктің (техникалық тапсырманың) жобаларына ескертулер болған жағдайда, сатып алуды Ұйымдастырушы көрсетілген құжаттардың жобаларын пысықтауға қайтарады.

2019-2020 жылдар кезеңінде мемлекеттік аудит органдары тарапынан камералдық бақылау нәтижелері бойынша сатып алуды қайта қарау немесе күшін жою фактілері жүргізілген жоқ.

2019-2020 жылдары мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары Қоғамға тексерулер жүргізген жоқ.

2019-2020 жылдар кезеңінде жеткізу шарттарының талаптарын тиісінше орындамағаны үшін жасалған сатып алу шарттарына сәйкес айыппұл санкциялары Қоғамның екі контрагентіне қатысты қолданылды:

1) 16.07.2020 ж. №030840002763EER2007005/00 тауарларды сатып алу туралы шарт (SSL қауіпсіздік сертификаты) - жеткізу мерзімі бұзылды, тұрақсыздық айыбы ұсталды;

2) 05.06.2020 ж. № 030840002763EER2006004/00 тауарларды сатып алу туралы шарт (Кибершабуылдардан қорғау жүйесі) - жеткізу мерзімі бұзылды, тұрақсыздық айыбы төленді.

Банктердің ағымдағы шоттарындағы уақытша бос ақшалай қаражатты орналастыру тәртібі Қоғамның уақытша бос ақшалай қаражатты басқару қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 30 қыркүйектегі шешімімен бекітілген, № 8 хаттама).

Уақытша бос ақшалай қаражатты орналастыру Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес белгіленген лимиттер мен шектеулерді қадағалай отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғам қаржы тәуекелдерін әртараптандыру мақсатында кемінде 3 (үш) банктің шоттарында уақытша бос ақшалай қаражатты орналастырады, олардың әрқайсысындағы депозиттер мен ағымдағы немесе корреспонденттік шоттардың сомасы Қоғамның уақытша бос ақшалай қаражатының жалпы көлемінің 30 (отыз) пайызынан аспауға тиіс.

Қоғамның инвестициялау үшін рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі Қоғамның уақытша бос ақшалай қаражатты басқару қағидаларына № 2 қосымшамен айқындалады (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 30 қыркүйектегі шешімімен бекітілген, № 8 хаттама). Арнайы құрылған жобалау компанияларының (SPV және басқалары) бағалы қағаздарына инвестициялауға тыйым салынады.

Қоғамның уақытша бос ақшалай қаражатын басқарудың негізгі қағидаттарын қадағалау мақсатында акцияларға инвестиция салуға тыйым салынады.

Қоғам «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-қа қазынашылық операцияларды басқарудың автоматтандырылған жүйесінде апта сайын (аптаның соңғы жұмыс күні сағат 18.00-ден кешіктірмей) ақшалай қаражатты жоспарлы орналастыру, қолданыстағы шоттар арасында қайта бөлу және қаржы құралдарына (РЕПО операциялары, овернайт, бағалы қағаздар, депозиттер, ағымдағы шоттар және т.б.) инвестициялау/орналастыру туралы ақпаратты ұсынады.

Шетел валютасымен алыпсатарлық операцияларға, яғни қаржы - шаруашылық/негізгі қызметпен негізделмеген шетел валютасымен операцияларға қатаң тыйым салынады.

Жоспарлы орналастыру туралы ақпаратта көрсетілмеген ақшалай қаражатты орналастыруға тыйым салынады.

5. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

Қоғамның жеке және заңды тұлғалармен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттар жасасуы Ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды,

көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына, сондай-ақ қоғамда тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа (Қоғам Басқармасының 2020 жылғы 28 шілдедегі шешімімен бекітілген, № 46 хаттама) сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғам сақтандыру шарттарын клиенттермен Қоғамның бекітілген сақтандыру қағидаларына сәйкес жасасады.

Қоғамның жеке және заңды тұлғалармен жасалатын сақтандыру шарттарының құрылымы сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелерді көздемейді.

Әдістемелік ұсынымдардың 25 тармағына сәйкес шарттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелердің болмауы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторы болып табылады.

Осыған байланысты, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында Қоғам клиенттермен жасасатын сақтандыру шарттарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертулер енгізу қажет.

Қоғамның тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуы Қазақстан Республикасындағы квазимемлекеттік сектордың сатып алу операторы болып табылатын, «MITWORK» ЖШС компаниясының <https://mitwork.kz> веб-порталы арқылы конкурстық рәсімдерді пайдалана отырып жүргізіледі.

Тендер тәсілімен өткізілген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қорытындыларын тендерлік комиссия деректерді <https://mitwork.kz> веб-порталының формулярларына енгізу арқылы шығарады. Қарау нәтижелері ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында белгіленген мерзімдерде сатып алу веб-порталында қалыптастырылады және жарияланады.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу кезінде конкурс қорытындылары автоматты түрде қалыптастырылады және сатып алу веб-порталында жарияланады.

Қоғамның тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтерді бір көзден сатып алуы ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі ұйымдардың тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларында белгіленген негіздерге сәйкес жүзеге асырылады.

2019-2020 жылдар кезеңінде Қоғамның үлестес компаниялардан тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуы жүргізілмеген, аталған кезеңде контрагенттерге айыппұл санкцияларын қолданбау немесе азайту фактілері анықталған жоқ.

Қоғамның Кінәрат-қуыным қызметі кешіктірілген дебиторлық және орындалмаған кредиторлық берешекті өндіріп алу бойынша кінәрат-қуыным жұмысын жүргізу туралы нұсқаулық негізінде жүзеге асырылады (Қоғам Басқармасының 2019 жылғы 28 маусымдағы шешімімен бекітілген, № 23 хаттама).

Контрагенттерге шарттық міндеттемелерін бұзғаны үшін талап-арыздарды уақтылы бермеу, сондай-ақ контрагенттер 2019-2020 жылдар кезеңінде шарттық міндеттемелерін бұзған кезде шағымдардан немесе сот талқылауларынан негізсіз бас тарту фактілері анықталған жоқ;

Мүдделер қақтығысы мен үлестестікті болдырмау мақсатында контрагенттерді тексеру жұмысын Қоғамның Комплаенс қызметі жүзеге асырады. Тексеру нәтижелері контрагенттің тіркеу деректері, контрагенттің ерекше қатынастармен байланысы немесе қоғаммен үлестес болу белгілерінің болуы/болмауы туралы ақпарат, сондай-ақ мынадай мәліметтерді қамтитын контрагенттің сенімділігі туралы ақпарат көрсетілетін комплаенс қорытындыда көрсетіледі:

- 1) контрагенттің іскерлік беделі туралы;
- 2) контрагенттің бірінші басшысының іскерлік беделі туралы;
- 3) контрагенттің бірінші басшысы берешегінің жағдайы туралы;
- 4) «Самұрық-Қазына» АҚ-тың Сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің тізбесінде тізімделген тұлғалармен контрагенттің сәйкестігінің болуы/болмауы;
- 5) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тізімделген тұлғалармен контрагенттің сәйкестігінің болуы/болмауы;
- 6) контрагенттің бюджет алдындағы салықтар мен алымдар бойынша берешегінің жағдайы туралы мәліметтер;
- 7) контрагентке қатысты қозғалған атқарушылық іс жүргізу туралы мәліметтер.
- 8) контрагентпен іскерлік қатынастарды орнатудан бас тарту немесе орнату туралы ұсыным.

6. Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету

Қоғамның қызметі туралы ақпаратты жариялау: сатып алу жоспарлары, бюджеттік және қаржы қаражатын игеру, жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі функцияларды реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар <https://kazakhstanexport.kz> мекенжайы бойынша Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылады.

Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсын ақпараттық толықтыру «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік-құқықтық актілеріне және басқа да уәкілетті мемлекеттік органдарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ақпаратты ұсыну және орналастыру мерзімдері, орналастырылатын ақпаратқа қойылатын талаптар және т.б. Қоғамның Корпоративтік интернет-

ресурсының жұмысы жөніндегі регламентпен реттеледі (Қоғам Басқармасының 2018 жылғы 27 қыркүйектегі шешімімен бекітілген, № 430 хаттама).

Қоғамның Ақпарат және коммуникациялар департаменті, сондай-ақ Қоғамның қызметі туралы ақпаратты әлеуметтік интернет-ресурстар мен желілерде (YouTube, Instagram, Facebook және т.б.) орналастырады.

Қоғамның Ақпарат және коммуникациялар департаменті Комплаенс қызметімен бірлесіп, тиісті шаралар қабылдау үшін Қоғамға қатысты оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қатысты ықтимал теріс жарияланымдарға тұрақты негізде мониторинг жүргізеді.

Бұдан басқа, сақтандыру қызметі туралы заңнама талаптарын ескере отырып, Қоғам «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ атынан Қаржылық есептілік депозитарийінің <https://www.gosreestr.kz> Мемлекеттік тізілім интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген корпоративтік оқиғалар тізбесіне сәйкес болған корпоративтік оқиғалар туралы мәліметтерді орналастырады.

Ұсынымдар:

1. Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша қоғамның жауапты құрылымдық бөлімшелері 2021 жылғы «30» қарашадан кешіктірмейтін мерзімде осы Аналитикалық анықтаманың 1 параграфында көрсетілген, Қоғамның келесі ішкі нормативтік құжаттарында анықталған сыбайлас жемқорлық нормаларын жойсын:

1) Қоғамның Андеррайтингтік кеңесі туралы ереже (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 8 қыркүйектегі шешімімен бекітілген, № 8 хаттама);

2) Қоғамның Қарыздарды ерікті сақтандыру қағидалары (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 шілдедегі шешімімен бекітілген, №6 хаттама);

3) Қоғамның жобалық қаржыландыруын ерікті сақтандыру қағидалары (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 9 шілдедегі шешімімен бекітілген, №5 хаттама);

4) Қоғамның Қаржы лизингін ерікті сақтандыру қағидалары (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 шілдедегі шешімімен бекітілген, №6 хаттама);

5) Жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге байланысты экспорттаушының залалдарын сақтандыру жөніндегі қоғамның қағидалары (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 9 шілдедегі шешімімен бекітілген, №5 хаттама);

6) Қоғамның Экспорттық аккредитивтерді сақтандыру қағидалары (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 25 шілдедегі шешімімен бекітілген, №6 хаттама);

7) Қоғамның Шетелдік банктер берген банктік кепілдіктерді сақтандыру қағидалары (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 шілдедегі шешімімен бекітілген, №6 хаттама);

8) Қоғамның Аванстық төлемдерді қайтару бойынша экспорттаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидалары (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 шілдедегі шешімімен бекітілген, №6 хаттама);

9) Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 8 қыркүйектегі шешімімен бекітілген, № 8 хаттама);

10) Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі кеңес туралы ереже (Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 08 қыркүйектегі шешімімен бекітілген, Қоғамды басқарудың ұйымдық - функционалдық құрылымы туралы ережеге өзгерістерге №1 қосымша, № 8 хаттама);

11) Іскерлік әдеп кодексі (Қоғамның Директорлар кеңесінің 31.05.2019 жылғы № 5 шешімімен бекітілген);

12) Корпоративтік қақтығыстарды және мүдделер қақтығысын реттеу саясаты (Қоғамның Директорлар кеңесінің 05.03.2015 жылғы №89 шешімімен бекітілген).

2. Қоғамның ұйымдық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша Қоғамның жауапты құрылымдық бөлімшелері 2021 жылғы «30» қарашадан кешіктірмей қоғамның жеке және заңды тұлғалармен жасасатын сақтандыру шарттарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелерді енгізсін.